4. Мұғалімдермен жұмыс: - Пән мұғалімдерімен оқушының ерекшеліктері бойынша нұсқаулық жүргізілді. - Қиындықтары бойынша әдістемелік көмек көрсетілді. Атқарылған жұмыстар: 1. Диагностикалық жұмыс: - Қажеттілікке сай оқушылар анықталды. - Мінез-құлық және эмоционалдық күйіне байланысты сауалнамалар алынды. 2. Жеке кеңес беру: - 4 оқушыға және ата – анасына аптасына 1 рет жеке кеңес берілді. - Ата-аналармен және сынып жетекшілерімен бірлескен жұмыс жүргізілді. 3. Топтық психокоррекциялық сабақтар: - Коммуникативті дағдыларды дамыту - Өз-өзіне сенімділікті арттыру жаттығулары 4. Серіктестік: - Оқушылардың жетістіктері мектеп әкімшілігіне ұсынылды Оқушылардың өзіне деген сенімі артты, мектепке бейімделуі жақсарды. Ата-аналар тарапынан оң пікірлер байқалды. Келесі кезеңде бұл жұмыстар жалғасын табады.																					
БӨЛІМ №12. 2024-2025 оқу жылы бойынша әлеуметтік педагогтың атқарған жұмыстарына талдау Бесқоспа орта мектебі 2024-2025 оқу жылы бойынша білім беру ұйымдарының әлеуметтік паспорты (куәлігі) (II жарты жылдық) <table><tr><th>№</th><th>Аудандағы/қаладағы оқушылардың әлеуметтік топтамасы</th><th>Саны</th></tr><tr><td rowspan="3">1</td><td>Оқушылардың жалпы саны:</td><td>91</td></tr><tr><td>Оның ішінде ұл бала саны:</td><td>51</td></tr><tr><td>Қыз бала саны:</td><td>41</td></tr><tr><td rowspan="2">2</td><td>Толық отбасы саны:</td><td>37</td></tr><tr><td>Ондағы бала саны:</td><td>77</td></tr><tr><td rowspan="2">3</td><td>Толық емес отбасы саны:</td><td>10</td></tr><tr><td>Ондағы бала саны:</td><td>15</td></tr></table>		№	Аудандағы/қаладағы оқушылардың әлеуметтік топтамасы	Саны	1	Оқушылардың жалпы саны:	91	Оның ішінде ұл бала саны:	51	Қыз бала саны:	41	2	Толық отбасы саны:	37	Ондағы бала саны:	77	3	Толық емес отбасы саны:	10	Ондағы бала саны:	15
№	Аудандағы/қаладағы оқушылардың әлеуметтік топтамасы	Саны																			
1	Оқушылардың жалпы саны:	91																			
	Оның ішінде ұл бала саны:	51																			
	Қыз бала саны:	41																			
2	Толық отбасы саны:	37																			
	Ондағы бала саны:	77																			
3	Толық емес отбасы саны:	10																			
	Ондағы бала саны:	15																			

4	Жетім балалар:(отбасы) Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың саны:	0		
5	Жартылай жетім балалар саны:(отбасы) Әкесі қайтыс болған: Анасы қайтыс болған:	2 3		
6	Аз қамтылған отбасы: (күн көрісі төмен) Ондағы балалар саны	10 22		
7	АӘК алатын отбасы: ондағы бала саны:	2 4		
8	Көпбалалы отбасы: Ондағы бала саны:	21 59		
9	Өгей әкемен тұратын отбасы: Ондағы бала саны:	2 3		
10	Өгей анамен тұратын отбасы: Ондағы бала саны:	0 0		
11	Ерекше білімді қажет ететін балалар: Үйден оқитын балалар:	3 1		
12	Полиция бөлімінде есепте тұрған отбасы: Ондағы бала саны (мектеп жасындағы):	0 0		
13	Полиция бөлімінде есепте тұрған оқушылар: Мектепшілік есепте тұрған оқушылар:	0 0		
14	Тәуекел тобындағы (намаз оқитын немесе ата-анасы діни көзқарастағы) оқушылар: Мектеп формасын сақтамайтын оқушылар: Террористік белсенді аймақтардан келген оқушылар:	0 0		

2024-2025 оқу жылының басында әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары құрылды.	Жұмыс жоспарының басты мақсаты:
--	---------------------------------

- Мектеп оқушыларын өмірге, қоғамға бейімдеу;
- Оқушының әлеуметтік ортамен жан-жақты қарым-қатынас ортасын құру.
- Ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болу;
- Оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету.

Міндеті:

- Оқушылардың өмір сүру жағдайын анықтау;
- Тәртібінде және мінез құлқында ауытқулар бар оқушылармен жұмысты жақсарту;
- «Бала құқығы туралы» БҰҰ конвенциясын сақтау.

Қысқылғы 1-ші тамыз бен 30-шы қыркүйек аралығында «Мектепке жол» Республикалық акциясы аясында «Жақсылық Жаса!» акциясымен өткізіліп жатыр. Акция барысында жеке кәсіпкерлерге, шаруа қожалықтарына сұраныс хаттар және мектеп, ауыл чатына тандыру жазылды.

Аясында мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі Сарина Айша Дүйсенқызы 1- оқушыға оқу құралдарын алып Ауылымыздың жас жеке кәсіпкері, мектебіміздің түлегі “АКБАР” дүкенінің иесі Маратов Айбар Нұржанұлы 2-оқушыға мектеп сімен оқу құралдарын алып берді. ИП.Бисенғалиева Тохтагул ханым 1-оқушыға мектеп сөмекесімен оқу құралдарын алып берді.






Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмекті 10 отбасының 26 баласы бір реттік 43 000 тг алды.



I – жарты жылдықта мектеп бойынша оқушылардың жалпы саны- 96, көп балалы- 20 отбасы, толық емес- 10 отбасы, аз қамтылған отбасы- 8. Толық отбасындағы бала саны-80, толық емес отбасындағы бала саны – 16, өгей әкесімен тұратын 5 оқушы бар.

Қыркүйектің басында статустен оқушыларға үйлеріне барып, сабаққа дайындығын сұрап, тұрмыстық акт жасалды.

2024 жылдың 25 мен 26-ншы қараша айында «Қайырымдылық істер марафоны» атты жәрмеңке өтті. «Қайырымды істер марафоны» жәрмеңкесінің мақсаты: аясында аулымызда оқыған Сатыбалды Қуаныштың ұлы Айдынның еміне оқушылар атынан жәрмеңке, бастауыш сыныптарға kino time ұйымдастырып, қаржылай көмекке үлестерін қосты.



10-қазан мүгедектер күніне орай Бесқоспа орта мектебінде ерекше білім беруді қажет ететін (үйден оқитын) 4-сынып оқушысы Аманжол Адинаға әлеуметтік педагог Шонкалова М атынан сыйлық таратылды және мектепте өткізілген іс-шараларға қатыстырылды.



«Біз дұрыс тамақтанамыз ба?» тақырыбында 5-9 сынып оқушылары арасында сауалнама алынып, әлеуметтік педагог Шонкалова Менсулу дұрыс тамақтанудың жолдары, тамақтың құнарлығы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді және мектеп медбикесі Уразалина Марал зиянды тағамдар(газдалған сусындар, қуырылған бәліштер, чипсы(қытырлақ картоп)тың әртүрлі асқазан-ішек ауыруларын туғызатынын ескертіп, дұрыс тамақтануға шақырды.



Қазан айында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жоспарға сәйкес оқушыларға қайырымдылықты, мейірімділікті насихаттау мақсатында сыныптар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

10-қазан мүгедектер күніне орай Бесқоспа орта мектебінде ерекше білім беруді қажет ететін (үйден оқитын) 4-сынып оқушысы Аманжол Адинаға әлеуметтік педагог Шонкалова М атынан сыйлық таратылды және мектепте өткізілген іс-шараларға қатыстырылып отырды, сабағына оқу ісі жөніндегі орынбасары Диханбаева Баршагул апаймен әлеуметтік педагог қатысып, сабаққа ынтасын, қызығушылығын, оқу бақыланып отырды.



Мектебімізде желтоқсан айында Алға ауданы полиция бөлімінің ЖПҚБ учаскелік полиция инспекторы полиция майоры Ермекбай Қуанышбек, ЖПҚБ кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция капитаны Жасақбаева Гүлжан Зинельгабиевнаның қатысуымен мектеп оқушыларымен кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 7-11 сынып оқушыларының профилактикалық кездесуі өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/DDMR9Q5oFSI/?igsh=MXA5cDE1NdyNnU2NA==>

Бесқоспа орта мектебінің **2024-2025** оқу жылының желтоқсан айы бойынша : Жаңа жыл мерекесіне орай мектебімізде үйден оқитын 4-сынып оқушысы Аманжол Адинаға жаңа жылдық көңіл-күй сыйлау мақсатында мерекелік іс-шараға сыныптастарымен қатысып, мектеп

Әкімшілігі тарапынан сыйлық берілді. "Қош келдің жаңа жыл" атты мерекелік шара аясында 2-сынып оқушысы Такенова Ақзере, 3-сынып оқушысы Сағындық Айбат пен 4 сынып оқушысы Әлібек Әділбекке, Бестамақ ауылдық округі әкімшілігі сыйлықтар тарту етті. Аудандық әкім шыршасынан төмедегідей оқушыларға сыйлықтар берілді:

Аз қамтылған отбасынан шыққан 1-сынып оқушылары Құрманай Раянаға, Жәнібек Диасқа және де көпбалалы отбасынан шыққан 3-сынып оқушысы Махмут Ясинаға сыйлықтар берілді.



Қаңтар айында оқушылар қысқы демалысынан оралып, 2-ші жарты жылдыққа әлеуметтік паспорты жасалды. Оқу жылында оқушылардың әлеуметтік санаттары сандық көрсеткішпен көрсетілді.

Жетім оқушы саны - 0

Үйден оқитын оқушы саны - 1

Инклюзия оқушы саны - 3

Көпбалалы отбасынан шыққан оқушы саны - 59

Өгей әкемен - 3, өгей анамен - 0

Толық емес отбасынан шыққан оқушы саны - 15

Аз қамтылған оқушы саны – 22

Жоспар бойынша жетім, аз қамтылған отбасы, өгей әкемен, анамен тұратын және жаңадан келген оқушылардың үйіне тұрмыстық-әлеуметтік АКТілер толтырылды. Ата – аналармен оқушылардың тәртібі жайында, үй ішіндегі қарым-қатынасы туралы әңгіме жүргізілді.

Мектебімізде «Оқу мен оқыту үдерісін жақсарту Lesson study әдісін пайдалану» тақырыбында аудандық семинар өткізілді. Мақсаты: Мұғалімдерге оқыту мен оқуда Lesson Study әдісін тиімді қолдану жолдарын үйрету, тәжірибе алмасу және білім беру сапасын арттыру. Семинар барысында мектеп психологы мен әлеуметтік педагог аудиториямен психологиялық тренинг өткізілді.

https://www.instagram.com/p/DHN39xjI8rX/?igsh=MWduYTY2NHZzMm10Yg== Мамыр айында оқушылардан құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында сауалнамалар алынып, қорытынды жасалынды. https://www.instagram.com/p/DJtYJm3Rj2E/?igsh=aWdtejlucHRIZmx5 Жалпы мектептегі оқушыларға әлеуметтік жағдай туғызу нәтижесі талапқа сай жүргізіліп, ата-аналар тарапынан арыз-шағым болған жоқ.	
БӨЛІМ №13. Кәсіби бағдар беру бойынша жұмыс. 2024-2025 оқу жылында біздің оқу орнымызда кәсіптік бағдар беру бойынша жұмыс бірнеше бағыт бойынша жүргізілді: 1. Оқушылардың кәсіби мүдделерін анықтау, проф. таңдауды жүзеге асыруға көмек көрсету; 2. ҚР оқу орындарымен танысу; 3. Еңбек нарығымен танысу; 4. Психологиялық диагностика арқылы 9-11 сынып оқушыларының мүмкіндіктерін, қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтау; 5. Әр түрлі мамандықтағы адамдармен танысу. Білім алушылар мен олардың ата-аналарын ақпараттандыру жыл бойы ата-аналар жиналыстарында, сынып сағаттарында жүргізілді. Буклеттер мен ақпараттық парақшалар шығарылды. Мектепте кәсіптік бағдар беру кабинеті жұмыс істейді. Кәсіптік бағдар беру саласында кәсіптік бағдар беру кабинетінде "кәсіпті қалай таңдауға болады", "кәсіптік бағдар беру", "кім болу керек?». Осы стендтерде балалар оқу орындары, кәсіптер, қалай дұрыс таңдау жасау керектігі туралы ақпарат ала алады. Мәліметтер мезгіл-мезгіл толықтырылып, жаңартылып отырады. Кәсіптік бағдар беру бойынша жұмыстың әртүрлі нысандары пайдаланылды: - Қаланың оқу орындарына экскурсиялар; - Ауданның оқу орындарының өкілдерін сынып сағаттарына шақыру; -9-сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру сабақтарын өткізу; - 11 сынып оқушылары үшін "Қалай табысты болуға болады" атты дөңгелек үстел өткізу; - Түрлі мамандықтағы адамдармен кездесу; - 9, 11 сынып оқушыларының гофрленген бағытын диагностикалау. Жұмыс қорытындысы: 9-сынып оқушылары үшін сынып жетекшілері өткізген Кәсіптік бағдар беру сабақтарын өткізу ұйымдастырылды. Сабақтың мақсаты: оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына жәрдемдесу болды,	

сабақтар мынадай бөлімдерден тұрды: кәсіптер әлемі; жеке ерекшеліктері мен кәсіби маңызды қасиеттері; кәсіптік білім беру жүйесі. Дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша түлектерге сауалнамалар ұсынылды. 9, 11 сынып оқушыларының кәсіби бағытына сауалнама жүргізілді. Тәрбие жұмысының жоспарларына "кәсіптер әлемі" тақырыбындағы сынып сағаттары кіреді. Сынып сағатының басында "Мамандықтар әлемі", "Мамандық таңдау-байсалды!", "Мамандық таңдау-болашақты таңдау". Мектеп психологтары "Қарым-қатынас және өзара іс-қимыл дағдылары", "Дайын бол!", "Тұлғааралық қарым-қатынас", "Мамандық таңдауға эмоционалды қатынас".	
БӨЛІМ №14. Бесқоспа орта мектебі кітапханасында жүргізілген жұмыстардың жылдық қортынды анықтамасы Мақсаты: Кітапхана жаңа ақпараттық технологияларды меңгеру негізінде қызмет көрсетуін жетілдіру, кітапханалық-ақпараттық кітапханалық үрдісті компьютерлеу, кітапханада ахуалдық жағдай жасау, мұғалімдер мен оқушыларды ақпараттық мәдениетке баулу. Жалпы азаматтық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу. Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие беретін мәдени орындардың бірі-мектеп кітапханасы. Мектеп кітапханасының ауқымы кішкене болғанымен, оның атқарар қызметі зор. Кітапханаға оқушылар келіп, қажетті әдебиеттерін жаздырып, әрі білімдерін толтыра отырып, шығармашылық жұмыстармен де шұғылданады. Мектеп кітапханасы мектептегі білімге ұмтылатын жас ұрпақтың, сондай-ақ ұстаздардың сүйікті орны. Заманға сай оқырмандардың ойын ұшқырлайтын танымдық кештер, мерекелік іс-шаралар, көрмелер, тақырыптық сөрелер ұйымдастырылады. Кітапханадағы іс-шаралардың барлығы да интерактивті жүйеде, слайд-презентациялар арқылы жүргізіледі. Жоспар бойынша іс-шаралар өткізілген, әлеуметтік желіге жүктелген. 2024-2025 оқу жылындағы негізгі көрсеткіші. Көрсеткіштері: Кітапхана қоры: 8017 Оқулық қоры: 2269 Жаңа бұын оқулықтары: 2269 Көркем әдебиет: 5748 Оқырмандар саны: 118 Келіп-кетушілер саны: 1416 Кітап берілу: 3540 Оқулықпен қамтылуы: 100 % Қордың өсуі: 234 Мектеп кітапханасының ең бірінші атқаратын қызметі- оқу білім үрдісін оқулықпен, әдістемелік құралдармен, әр саладағы кітаптармен қамтамасыз ететін және кітапхана нормасы мен ережесіне сай жұмыс атқаратын мектептің құрылымы. Мектеп кітапханасының өзгешелеігі мен ерекшелігі де осында. Балалар алғаш кітаппен жұмыс істеуді мектептен үйренеді. Ал кітапханашының міндеті -оқуға құмарлығын арттыруға, кітапты қадірлей білуге үйрету. Кітапханадағы әр кітапқа қарап, олардың оқырмандардың қолында көп	

пайдаланғандығын, не болмаса кітап сөресінде қозғалыссыз тұрғанын байқауға болады. Кітапхана мәдени, рухани ақпарат орталығы болғандықтан бүгінгі атқаратын ролі зор.

2024-2025 оқу жылында кітапхананың жылдық жоспары құрылып, жоспар бойынша жұмыстандық.

Жыл басында оқушылар толықтай 100% оқулықтармен қамтамасыз етілді. Кітапхана пән мұғалімдермен тығыз байланыста. Әр түрлі мектепішілік іс-шаралар өткізу барысында: пән апталықтары, түрлі жобалар, семинарлар, жан -жақты тәрбие жұмысы, сынып сағаттары болсын керекті материалдар таңдаған кезде кітапханадан үнемі көмек алады.

Жыл басы 5- қыркүйек Қазақстан халықтарының тілдер күніне орай «Тіл сарқылмас қазына» кітап көрмесі ұйымдастырылды. Қазақ, орыс және ағылшын пәні мұғалімдерімен бірлескен «Тілім -менің тірегім» атты апталығы өткізілді. Мақсаты: оқушыларға ана тілін білудің маңызы жайлы ұғындыру. Қатысушылар: 5-6 сынып оқушылары.



»Балалар кітапханасы жобасы аясында» 1 сынып оқушылары кітапханаға саяхат жасады. Мақсаты: кітапхана және оның қызметі, кітаптар туралы мәлімет беру.

Қазан айында ұстаздар мерекесіне орай «Ұстаздар жолы ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып» атты тақырыбында зейнеткер ұстаздармен кездесу кеші өткізілді.



Сонымен қатар, қазан айында АӘД пәні мұғалімімен бірлескен Р.Қоошқарбаевтің 125 жылдығына орай 9-11 сынып оқушыларына арналған танымдық сағаты өткізілді.



Қараша айы оқулықтарға рейд жасаудан басталды. Рейд барысында оқулықтардың жағдайлары тексеріліп, кітаптарын қаптап, таза ұстау кеңес берілді.

Алаш қайраткерлері: Ж.Аймауытовтың 135 жылдығына және Б.Майлинмен С.Сейфуллиннің -130 жылдығына орай 5-7 сынып оқушылары жобаларын қорғап, сыйлықтармен марапатталды. 5 сынып 1 орын, 6 сынып 2 орын, 7 сынып 3 орынға ие болды. Жобаға тапсырма берілген соң, оқушылар кітапханадан түрлі материалдар іздеп, қызығушылықтары мықты болды.



Сондай-ақ, балалар әдебиетінің майталманы Б.Соқпақбаевтің 100 жылдығына қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Д.Абдигалиева мен танымдық сабақ ұйымдастырылды. Сабақ барысында оқушыларға жазушының өмірі және шығармашылығы туралы мәлімет берілді. Р

Ребустар шешті. Кюар кодпен кинодан үзінділер тамашалады.



Тәуелсіздік күні қарсаңында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Дәліз қабырғасына «Тәуелсіздік-тұғырым» тақырыбымен желтоқсанда құрбан болған Қайрат, Сабира, Ляззат, Ербол туралы көрнекілік жасақталды.

7-8 сынып оқушыларына қазақтың академигі Қаныш Сәтбаев туралы танымдық сабағы өткізілді. Академиктің еңбектері, оның елімізге қосқан қажырлы үлестері туралы кеңінен мәлімет беріліп, бейне үзінділер тамашалады.

Қадыр Мырза Әліге 90 жыл . «Өлеңнің тау тұлғасы -Қадыр ақын» - оқушыларына шығармаларын оқу сағаты өткізілді.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында ақпан айында бастауыш сынып мұғалімдері ақиық ақын М.Мақатаевтің және жерлес ақынымыз І.Мәмбетовтің өлеңдерін мәнерлеп оқу іс-шарасы өтті. Шара барысында қос ақынның өмірі және шығармалары туралы ұғынып, өлеңдерін жатқа айтты.

14 -ақпан дүниежүзілік кітап сыйлау күніне «Мектебіңе кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылды. Мектеп басшысы , оқушылар, ауыл тұрғындары кітап қорын молайтуға өз үлестерін қосты.



«Балалар кітапханасы» жобасы аясында қазақ тілі пәні мұғалімдері «Жүрегі жырдан жаралған» атты тақырыбында Т.Молдағалиевтің 90 жылдығына поэзиялық кеш өткізді.



Р.Қошқарбаевтің 100 жылдығына арналған сабақ 6- сынып оқушыларына арналды.

Қысқы демалыс кезінде бастауыш сынып оқушылары үшін «Ертегілер елінде» тақырыбында іс-шара өтті. Оқушылар аудио және бейне ертегілер тамашалп , сүйікті ертегі кейіпкерлерінің суреттерін салды.

Ұлы ақынымыз Абайдың 180 жылдығына орай «Абай мұрасы-халық қазынасы» кітап көрмесі ұйымдастырылып ұстаз, ата-ана, оқушы арасында челлендж өткізілді.Республика көлемінде «Зейінді бала» балалар журналының ұйымдастыруымен «Алтын білім

кілті»орталығының қолдауымен балалар шығармашылығын дамыту мақсатында «Мақатаев оқулары» конкурсына мәнерлеп өлең оқу бағыты бойынша 1-сынып оқушысы Данаберген Медина және 6-сынып оқушысы Хабидулла Кәусар I дәрежелі дипломдармен сондай-ақ 6-сынып оқушысы Нағашыбай Мухаммад қатысқандығын растайтын сертификатпен марапатталды.



БӨЛІМ №16.

Бесқоспа орта мектебі бойынша 2024 – 2025 оқу жылғы психологиялық қызметтің талдауы

Мектеп психологының жылдық жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығы .Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрығы негізінде құрылды.

Психологиялық қызмет жоспары оқушылармен, мұғалімдермен, ата - аналармен жұмыс негізінде жүзеге астырылды. Жоспар барысында диагностикалық жұмыстар, түзету – дамыту жұмыстары, кеңес беру жұмыстары, ағартушылық жұмыстары, әлеуметтік диспетчерлік жұмыс бағыттары жүзеге асырылады. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық шаралар, тренингтер, сауалнамалар, зерттеу жұмыстары негізінде жұмыс түрлері ұйымдастырылады.

Психологиялық қызметтің мақсаты – оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық сауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Білім алушының жас ерекшелігіне қарай оқыту, тәрбиелеу және рухани адамгершілік дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

*Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;

*Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;

*Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру. Педагог-психологтың негізгі қызметтері: психологиялық білім беру (алдын алу, ағартушылық қызмет), психологиялық консультация, психологиялық диагностика, психологиялық түзету-дамыту, психологиялық жетелеу және әлеуметтік-психологиялық бейімдеу.

Білім беруде мектеп климатын бағалау үшін индикаторларды әзірлеу (өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға педагогикалық-психологиялық, әлеуметтік қолдау көрсету алгоритмін және жұмыс жоспарын дайындау), әдістемелік ұсынымдар даярлау.

Ата – анамен жұмыс жасаудың мақсаты:

Білім алушы мен ата – ана арасында тығыз достық қарым – қатынас құруына жағымды әсер ету, жалпы білім мен даму процесіне ата – ананы баулу.

Мұғалімдермен жұмыстың мақсаты:

Білім алушылардың дамуындағы психологиялық - педагогикалық мәселелерді бірігіп шешу.

Білім алушының білім алуы мен дамуын қалыптастыруына ықпал ететін әлеуметтік – психологиялық факторларды анықтау және жобалау және жүзеге асыру.

Психологиялық қызметтің жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Психологиялық диагностиканың мақсаты:

Баланың тұлғалық немесе интеллектуалдық дамуындағы құндылықтарды анықтау. Психологиялық диагностика мәселені анықтау, жеке немесе топтық жоспарлау, әдістемелік құралдарды таңдау сатылары бойынша жүзеге асады.

Психологиялық түзету - дамыту жұмысының мақсаты:

Білім алушының бойында «мен» тұжырымдамасын қалыптастыра отырып, психологиялық қолдау беру е жетістік ситуациясын орнату. Психологиялық диагностика жұмысының нәтижесі бойынша түзету - ыту жұмысы жүргізіледі.

Психологиялық алдын – алу жұмысының мақсаты:

Жасөспірімдердің психологиялық, эмоционалдық күйін реттей білу, зиянды әрекеттерден бойын аулақ уға қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтын ұстануға баулу.

Психологиялық кеңес беру жұмысының мақсаты:

Білім алушы, ата – ана және педагогикалық ұжымға күнделікті туындайтын қиындықтарды шешуге және – өзі жетілдіруге көмектесу. Психологиялық кеңес беру оқу мәселесі, жас ерекшеліктеріне байланысты ндайтын мәселелер, өзара қарым – қатынас құру, кәсіптік бағдар т.б. мәселелерге байланысты жүргізіледі.

Әдістемелік, әлеуметтік-диспетчерлік қызмет жұмысының мақсаты:

Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге ылдыру шараларын ұйымдастыру.

Бесқоспа орта мектебінде 2024 – 2025 оқу жылындағы психологиялық қызмет жұмысы жоспар құрылып, мектеп директорымен бекітілді.

Жылдық жоспарға сәйкес жаңа оқу жылының *қыркүйек айында* бірінші сынып білім алушыларының оқуға психологиялық дайындығы диагностикадан өткізілді. «Керн - Ийрасек» әдістемесі өткізілді, мақсаты – білім алушылардың мектепке психологиялық дайындығымен мектеп өміріне бейімделуін байқау. Диагностика нәтижесі: 1 сыныпта барлығы 14 білім алушы ,8 білім алушылары мектепке дайындық деңгейі «жоғары» деңгейді көрсетті. 6 оқушы орта деңгей көрсеткіштерді көрсетті.

Мектепке бейімделу деңгейін анықтау мақсатында 1 сыныптан «Менің класым» жобалау тесті алынды.Тестке 14 оқушы толық қатысып, диагностика қорытындысы бойынша оқуға, класқа бейімделмеген оқушы анықталмады.Нәтижесімен сынып жетекшісі танысып,1 данасын алды. Мектеп, оқу жүйесіне бейімделуін анықтау мақсатында даярлық топтан жоспар бойынша «Моншақ», «өрнек» әдістемесі алынды.

Нәтижесінде мектепте оқуға дайындық деңгейі :

жоғары деңгей – 1

орташа дайындық деңгейі – 8

төмен дайындық деңгейі - 2

Қорытынды: осы оқу жылының басында даярлық тобында зерттелген балалардан мектепке дайындығы жөнінен 9 бала дайын. Тәрбиешіге таныстырылып, хаттамасы берілді.

Қазан айы бойынша 5 сынып және жаңадан келген оқушыларға арналған анкета алынып, нәтижесі сынып жетекшіге таныстырылды.



8-11 сыныптан Г. Айзенктің тұлғаның психологиялық күйін (фрустрация, агрессия, қобалжуды) анықтау әдістемесі алынды. Нәтижесінде анықталмады.

Қараша айы бойынша 5- 6 сынып оқушыларынан Филипстің мектептегі мазасыздану тесті алынды. Нәтижесінде оқушылар анықталмады.

О. Кандаш тесті. Оқушылар бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында алынды.

Қорытындысы:

7 сынып оқушыларының мазасыздық деңгейі анықтау барысында тест нәтижесінде анықталды:

- Мазасыздану күйі қалыпты -80 %
- Мазасыздануы аздап жоғары – 6,6%
- Мазасыздануы өте жоғары –0%
- Шамадан тыс тыныштық – 13,3%

Нәтижені кесте түрінде ұсынылып, хаттамасы сынып жетекшіге таныстырылды.



Бастауыш сынып оқушыларының біліктілік деңгейін диагностикалау мақсатында 2-4 сыныптан алынып, нәтижесі сынып жетекшілерге таныстырылып, хаттамасының 1 данасы берілді. Жоспар бойынша *желтоқсан айы* бойынша қарым – қатынас анықтау мақсатында социометрия (Дж. Морено) әдістемесі алынып, нәтижесінде шектеліп қалған оқушылар анықталмады. 9-11 сыныптан кәсіби бағдар беру, мамандыққа бейімділігін анықтау мақсатында «Мен қаладым» тесті алынды. Нәтижесін сынып жетекшіге таныстырылып, хаттаманың 1 данасы берілді.

Психологиялық – әлеуметтік қолдау бөлімі
"Ақтөбе облыстық білім басқармасы" ММ тарапынан 2021-2022 оқу жылынан бастап электронды журнал psy.aqnpca.kz уақытында жүргізіліп келеді. Мектебіміздегі «Сенім жәшігі» айына 1 рет комиссия мүшелерімен ашылып, түскен хаттар бойынша сауалдар қаралып, хаттамалап, тіркеліп отырады.

Түзету – дамыту бағыты бойынша 1-4 кластар аралығында «Психомоториканы дамыту жұмыстары» ұйымдастырылды. 2-11 класс бойынша Буллинг/Кибербуллинг, зорлық – зомбылық, достық қарым – қатынас, мектеп оқушыларының жыныстық тиіспеушілігінің алдын алу бойынша жадынама таратылып, буллинг қашанда жақсы емес, бірақ әр уақытта көмек сұрауға болады. Егер сен кибербуллинге тап болсаң, не істеу керек? «Буллинг, кибербуллинг» тақырыбында мектеп білім алушыларына баяндама оқылды. Балалар өз білімдерін қорытындылау мақсатында плакаттар жасап, постерлер қорғады. Түзету – дамыту жұмыстары бойынша 1-4 класс оқушылар арасында «Сөйлемдерді құрастыру» ойыны, «Сәйкестендіру» ойыны жүргізілді.

Білім алушының эмоционалды жағдайын бақылауға арналған жаттығулар. (Т.В.Артемова)

1. «Менің көңіл – күйім неге ұқсайды?» жаттығуы
2. «Айна» жаттығуы.
3. «Әртүрлі кейіпкерлер» жаттығуы ұйымдастырылды.



Профилактика және психологиялық ағарту бағыты бойынша қыркүйек айында «Жасөспірімдер арасындағы буллингтің себептері мен салдары» тақырыбында 7-11 класс оқушыларымен тренинг өткізілді. 7-11 оқушылар арасында «Буллинг және оған қарсы тұру» тақырыбында жиналыс ұйымдастырлды. «Мен өмірді таңдаймын» тақырыбында 9 класс оқушыларымен тренинг сабақ өткізілді. 7 – сынып қыздарымен «Қыз – қылығымен көрікті» психологиялық тренинг ұйымдастырлды. *Қазан айы* бойынша 3-4 сыныптар арасында «Буллинг және кибербуллинг дегеніміз не?» тақырыбында кездесу сабақ ұйымдастырлды. 8-11 сынып оқушылар арасында «Құқықбұзушылыққа жол жоқ» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. *Қараша айы бойынша* Мен өмірде қандай жетістікке жете аламын тақырыбында тренинг өткізілді. Жасөспірімдер арасындағы қылмысты, құқықбұзушылық, ақша бопсалау фактілерін болдырмау және алдын – алу мақсатында 5 – 11 класс білім алушылары арасында анонимді сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша ақша бопсалау, құқық бұзушылық фактілері анықталмады.

Желтоқсан айы бойынша 10-11 сыныптар арасында «**Буллинг және кибербуллинг**» тақырыбында оқушыларға баяндама оқылды. Баяндама барысында, кибербуллинг дегеніміз не? Балалар мен жасөспірімдерді кибербуллингтен қалай сақтандырамыз? деген сұрақтарға жауап берілді.

5 - 9 сыныптар арасында «**Токта буллинг**» тақырыбында оқушыларға баяндама оқылды. Баяндама барысында, жалпы буллинг туралы анықтама беріліп, буллинг түрлерімен оқушыларды таныстырып өттім. Біреу сені қорқытып, қорлап жүрген жағдайда нестеу керек? деген оқушыларға сұрақ қойылып, ой - пікір алмастық.

5 - 6 сыныптар арасында «Буллинг және кибербуллинг дегеніміз не?» тақырыбында шағын дәріс оқылды. Буллинг дегеніміз не? Кибербуллинктің түрлері қандай болады? Алдын -алу жолдары, Буллингке ұшыраған адамға қалай көмектесуге болады? Деген сұрақтарға жауап беріліп, оқушылармен ой алмастық.



27 желтоқсан күні мұғалімдер арасында «**Ынтымақ - бұзылмайтын қорған**» тақырыбында тимбилдинг ұйымдастырылды. *Тимбилдинг* – бұл команданың нақты мақсаттар мен міндеттерге жету үшін біртұтас тұлға болу мүмкіндігі. Ақыр соңында, сіздің досыңыз сізді түсініп, қолдаса, ол бұл көмек қажет болған кезде және сіз бір-біріңізді сөзсіз түсінген кезде естіп, көмектесетіні қандай жақсы. Ынтымағы жарасқан ұжым талай белестер мен жеңістерге жетуде.



«Жұлдыз» аудандық қоғамдық – саяси газетке «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған» тақырыбында мақала жарияланды. 2025 жылдың қаңтар айы бойынша 9-11 класс оқушылар арасында Э.Ховард «Стресс саған қалай әсер етеді?» тақырыбында білім алушының стресске төзімділігін диагностикалау мақсатында 18 оқушы қатысты. Нәтижесінде анықталмады. Ақпан айында спильбергердің мазасыздықты анықтау әдістемесі, мазасыздық деңгейін анықтау 8-11 класс оқушылар арасында өткізілді. Қатысқаны 19 оқушы. Қатыспағаны: 0. Нәтижесінде анықталмады. Наурыз айында интернетке тәуелділікті анықтауға арналған Кулаковтың әдістемесі 5- 6 класс оқушылар арасында алынды. Қатысқаны: 18. Қатыспағаны: 0. Нәтижесінде анықталмады. Жоспарға сәйкес сәуір айында 3-4 класс оқушылар арасында «Жануарлар мектебі» оқу әрекетінде және сыныптастарымен, мұғалімдерімен қарым – қатынасында туындаған қиындықтарды анықтау мақсатында тесті алынды. Қатысқаны: 18. Қатыспағаны: 0. Даярлық топтан «Моншақ», «Өрнек» әдістемесі

мектеп, оқу жүйесіне бейімделуін анықтау мақсатында өткізілді.Қатысқаны: 11,қатыспағаны :0.Нәтижесі,хаттамасы тәрбиешіге таныстырылып, 1 данасы берілді.

Наурыз айында мектебімізде «Оқу мен оқыту үдерісін жақсарту Lesson study әдісін пайдалану»тақырыбында аудандық семинар өткізілді.Мақсаты: Мұғалімдерге оқыту мен оқуда Lesson Study әдісін тиімді қолдану жолдарын үйрету,тәжірибе алмасу және білім беру сапасын арттыру.Семинар барысында мектеп психологы мен әлеуметтік педагог аудиториямен психологиялық тренинг өткізілді. Мамыр айында жоспардан тыс «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ-нің 13.05.2025 жылғы №1-09/1208 хатына сәйкес, Бесқоспа орта мектебі бойынша мектеп қызметкерлеріне «Сақшылар оқыту» тақырыбында түсіндірме жұмысы және «Жасөспірімдердің денсаулығы және өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында жүргізілетін жұмыстар туралы ақпарат берілді.



Түсіндіру жұмысы барысында қатысушыларға қауіпсіздік талаптары, оқушылардың құқықтарын қорғау, төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету тәртібі, және мектеп пен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту


бағытында маңызды ақпараттар ұсынылды. Мамыр айында жоспардан тыс С.Г.Корчагинаның «Жалғыздықты сезіну шкаласы» әдістемесі 8- 11 класс оқушылар арасында алынды. Қатысқаны:19. Қатыспағаны: 0. Нәтижесінде анықталмады. 5, 6, 7 класс оқушылар арасында «Жаңбыр астындағы адам» проективті әдістемесі алынды. Қатысқаны:33. Қатыспағаны: 0. Нәтижесінде анықталмады.

Жаңбыр астындағы адам



5 класс

Жаңбыр астындағы адам



6 класс

*Профилактика және психологиялық ағарту бағыты бойынша «Барлығы өзіңнің қолыңда» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Оқушылардың өзін-өзі тануын, ішкі сенімділігін арттыру, жауапкершілікті сезінуіне және өз өмірінің иесі екенін түсінуге ықпал ету. **Қатысушылар:** 9 - сынып оқушылары (6 оқушы).*

25 сәуір күні Бесқоспа орта мектебінің 10-сынып оқушылары арасында «Ашу –ыза билегенде не істеу керек?» тақырыбында психологиялық сабақ өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты – оқушыларға ашу, ыза сияқты жағымсыз эмоциялар туралы түсінік беру, бұл сезімдерді дұрыс бағытта қолдану жолдарын үйрету және өзін-өзі бақылау қабілеттерін дамыту болды. Сабақ барысында оқушылар ашу сезімі туралы пікірлерін ортаға салып, жағдаяттарды талдап, жаттығулар мен тыныс алу техникасы арқылы өз ашуын басқару жолдарын меңгерді. Сонымен қатар, сабырлық пен төзімділік туралы мақал-мәтелдермен танысып, күнделікті өмірде эмоцияны дұрыс басқарудың маңызын түсінді.

Бұл сабақ оқушылардың эмоционалдық интеллектін арттыруға, сыныпшілік қарым-қатынасты нығайтуға және психологиялық тұрғыдан жайлы орта қалыптастыруға өз үлесін қосты.

2024-2025 оқу жылындағы Бесқоспа орта мектебі бойынша диагностикадан анықталған білім алушылармен профилактикалық жұмыс жоспарына сәйкес өткізілген «Біз - біргеміз» тақырыбындағы тренинг өткізілді.

Өткізілген күні: 15.04.2025 жыл

Орны: Бесқоспа орта мектебі

Сыныбы: 7

Қатысушылар саны: 6

Тренинг қыз балалар арасында достықты нығайту, өзара түсіністік пен қолдауды арттыру, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында қыздар түрлі жаттығулар, пікірталастар мен сергіту сәттеріне қатысып, бір-бірімен тығыз қарым-қатынас орнатты. Тренинг оқушылардың бір-біріне деген құрметін, сенімділігін арттыруға ықпал етті.



2025 жылдың 11 сәуір күні Бесқоспа орта мектебінде 11-сынып оқушыларына арналған "Бәрімізде мақсат бір" атты психологиялық тренингтің өткізілді.

Қатысушылар: Бесқоспа орта мектебінің 11-сынып оқушылары

Тренингтің мақсаты:


Оқушылардың мақсат қою қабілетін арттыру, ҰБТ алдындағы психологиялық күйзелісті жеңілдету, бір-біріне қолдау көрсетуге ынталандыру, өз-өзіне сенімділікті нығайту.

Міндеттері:

- Оқушылардың болашаққа деген сенімін арттыру;
- Мақсатқа жету жолдарын анықтау;
- Эмоциялық тұрақтылықты дамыту;
- Командалық жұмыс арқылы қолдауды сезіну.

Тренинг барысында қолданылған әдістер:

Топтық жұмыстар, мотивациялық жаттығулар, рефлексия, ойын элементтері, визуалды бейнелеу арқылы болашақты елестету жаттығулары.





Ағымдағы жылдың 31 қаңтар күні 5 - сынып оқушыларымен арт- терапиясы өткізілді.

Бұл арт-терапияның оқушыларға тигізетін оң әсері кең көлемде болғанын атап өткім келеді.

Шығармашылық процестер барысында балалар өздерін еркін сезініп, эмоцияларын әр түрлі тәсілдермен білдіре алады. Олар сурет салу, қолөнер жасау арқылы өз әлемін танып, шиеленістерін шешуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, топтық жұмыстар кезінде балалар бір-бірімен араласу арқылы қоғамдастыққа деген сезімдерін арттырады.

Арт-терапияның тиімділігі тек жеке адам үшін ғана емес, бүкіл сыныптық қауымдастық үшін маңызды.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, психологиялық тұрақтылығын арттыру, өзара қарым-қатынастарын жақсарту — бұл арт-терапияның негізгі мақсаттары.

Мұндай іс-шаралар оқушылардың эмоционалдық және әлеуметтік дамуына оң әсерін тигізіп, олардың тұлғалық өсуіне үлкен үлес қосады. Арт-терапияның көмегімен балалар өздерінің ішкі жан дүниесін ашып, терең түсінік пен сабырлылықты үйренеді.

Мұғалімдер арасында 4 желтоқсан күні жағымды ахуал ,жақсы көңіл – күй сыйлау мақсатында «**CHOCOLATE DAY**» акциясы ұйымдастырылды. Әріптестер бір – біріне тәттілер беріп,ерекше көтереккі көңіл – күй сыйлады.

Ағымдағы жылдың 7 ақпан күні мектеп психологы Айсұлтан Арманұлының ұйымдастыруымен сынып жетекшілер үшін «Жан тану әлеміне саяхат» атты тренинг-сабақ өтті. Бұл іс-шара сынып жетекшілеріне өзін-өзі тану, өзара қарым-қатынас дағдыларын дамыту, балалармен тиімді жұмыс істеу жолдарын үйретуге бағытталды.

Тренинг барысында қатысушылар:

- Өзін-өзі тану мен психологиялық жағдайды жақсарту
- Қарым-қатынас дағдыларын дамыту
- Оқушылармен жұмыс жасау әдістерін үйрену сияқты маңызды тақырыптармен танысты.

Бұл тренинг сынып жетекшілердің психологиялық сауаттылығын арттыруға, педагогикалық жұмыста тиімді әдістер мен дағдыларды қолдануға көмектесті.

Психологиялық – әлеуметтік қолдау бөлімі "Ақтөбе облыстық білім басқармасы" ММ тарапынан 2021-2022 оқу жылынан бастап электронды журнал psy.aonpca.kz уақытында жүргізіліп келеді.

Диагностика – 40

Түзету – дамыту – 49

Кеңес беру – 40

Профилактика және психологиялық азарту - 44

БӨЛІМ №17. Бесқоспа орта мектебі бойынша тәрбие жұмысына талдау

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылды. Тәрбие жүйесінің мақсаты – білім алушыларды тәрбиелеу бағдарламасы шеңберіндегі әр түрлі іс-әрекеттерінің мазмұнын кіріктіру тәрбие беру мұраттары мен құндылықтары негізінде жүзеге асырылып, білім алушылардың жеке тұлғалық сапалығы, Қазақстан патриоттылығы, жалпы адамзаттық құндылықтары негізінде қалыптастыру, тәрбие жүйесінде жас ұрпақты Отанға,

халқына, елі мен туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелей отырып, бойына сіңіріп, қалыптастыру өте маңызды орын алады. Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды. Мектептегі тәрбие жүйесі жеке тұлғаға тиімді және мақсатты құрылған тәрбие үрдісінің бір бөлігі. Тәрбие жүйесінің құрылымы: сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі, ата-аналар қоғамдық кеңесі, балалар мен жасөспірімдер ұйымы, ұлдармен, қыздармен жұмыс, психологиялық қызмет, әлеуметтік көмек, кітапханалық қызмет, құқықтық кеңес, үйірмелер, бағыттарымен жұмыс атқарылды. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері тәрбиелеудің әрбір бағыты қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын, тәрбиенің заманауи тұжырымдарын, білім мен тәрбиені дамытудың әлемдік үрдістерін: жаһандану, интернационалдандыру, кіріктіру, компьютерлендіру, цифрландыру, универсалдандыру тәрбиенің әдістемелік негіздері мен қағидаттарын қамтылған түсінік пен танымнан құралған.

Мектепте **2024-2025** оқу жылында оқушы саны - **91**

2024-2025 жылда көп балалы отбасы бала саны - , жетім отбасы саны - 0, аз қамтылған отбасы саны- 3. Жайсыз отбасы-0, өгей әкемен тұратын оқушы саны-1, өгей шешеммен тұратын -0 екендігі анықталды.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу»

Мақсаты: Ұлттық және жалпыадами құндылықтар негізінде зияткерлік, рухани-адамгершілік тұрғысынан және физикалық дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Биылғы 2024– 2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаев Ұлттық құрылтайдың “Адал адам- Адал еңбек -Адал табыс”атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023жылы “Біртұтас тәрбие”бағдарламасын әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасы “Әділетті Қазақстан -Адал азамат -Озық ойлы ұлт” деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады.Ұштаған бір бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар,ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен :дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды..Бұл “Біртұтас тәрбие”бағдарламасының басты идеясына айналды.

Бағдарламаның мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм,парасаттылық пен адалдық,ар-ұждан,рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген,үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру

Міндеттері: Рухани адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

Отанға ,өз халқына,оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету; білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал айын;қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Ай сайын өткізілетін тұрақты іс шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс;

Қыркүйек -еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы- тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы-әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан- бірлік және ынтымақ айы;

Ақпан -жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз -тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Мамыр -бірлік және ынтымақ айы.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

1.Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «Жеті ата», «Тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2.Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3.Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4.Жа мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай күйін басқарады.

5 Тұратын үйін, ауласын, ауданын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды

Тәрбиенің мәні-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Құндылықтар адамның белгілі бір әрекет етуге деген тұрақты сенімін білдіреді және жеке адамның да, бүкіл қоғамның да өркендеуінің негізі болып табылады. Құндылық білім алушының өмірлік ұстанымына, іс-әрекетіне, мінез-құлқына, дүниетанымына және этикалық нормаларды сақтауына әсер етеді.

Құндылық:Тәуелсіздік және отаншылдық

Құзіреттілік:ұлттық мүддені дамыту.Қазақстан азаматтарының міндеттерін орындауға,өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

Құндылық:бірлік және ынтымақ

Құзіреттілік:тиімді коммуникация

Негізгі орта мектеп түлегі:

Қоғамдағы әлеуметтік нормалары,ережелерді білу және түсіну;

сенімді қарым қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;

Жобаларға қатысу;тек қзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін жауапты болуға дайын болу;

Құндылық:әділдік және жауапкершілік

Құзіреттілік:қоғамға қызмет

Негізгі орта мектеп түлегі:

өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;

Құндылық:заң және тәртіп

Құзіреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Негізгі орта мектеп түлегі:

Құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу;тәртіп пен әділдік,нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;

Қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

Құндылық:еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзіреттілік:инновациялық ойлау

Құндылық:жасампаздық және жаңашылдық

Құзіреттілік:шығармашылық

Негізгі орта мектеп түлегі:өз бетінше жобаларды іске асыру; бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу;

Ұйымдастыру кезеңі:

- 1.Сынып жетекшілерді нормативті құжаттармен, нұсқаулық хаттармен таныстыру (2024-2025 ӘНХ)
2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтары мен жобаларымен таныстыру
- 3.Сынып жетекшілерді тағайындау- бекіту, сапалық құрамын жасақтау, жас жетекшілерге тәлімгер бекіту
- 4.Сынып жетекшіге әдістемелік көмек беру
- 5.Жылдық жоспарларын бекіту
- 6.Сынып кабинеттерін бөлу, сынып бөлмелерінің жабдықталуын, үйлесімін қадағалау, сынып паспортын бекіту
7. «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру
- 8.Оқушылардың әлеуметтік паспортын бекіту
9. Мектептің ата аналармен келісім шартын, мектептің ішкі тәртібін бекіту.
- 10.Оқушылардың ыстық тамақпен ұйымдастыруын қамтамасыз ету
- 11.Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету.
- 12.Әлеуметтік көмекті қажет ететін балалармен жүргізілетін, әлеуметтік қызметтің жағдайының ұйымдастырылуын бақылау.
13. Әлеуметтік көмекті қажет ететін жанұяның балаларын оқулықпен қамтамасыз ету
14. Жекелей және топтық кеңестер құру.
15. Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарының құрылымын жүйелеу.
- 16.1-қыркүйек Білім күнін ұйымдастыру

Бесқоспа орта мектебінде атаулы күндерге тәрбие сағаттары өткізілді.Барлық іс шаралардың көріністері мектептің әлеуметтік желісінде жүктелген

Бесқоспа орта мектебінің мектепалды даярлық тобының мұғалімі

Сарина Ира Сапарқызының

2024-2025 оқу жылындағы жылдық жұмысының есебі.

2024-2025 оқу жылындағы мектепалды даярлық тобында жыл басында 11 бала қабылданып жұмыс жасалды, оқу жылының қазан айында 1 бала келді Аманжол Назерке қосылды. Топта 12 бала болды. Қаңтар айында Суюбай Мариям Бестамақ орта мектебіне ауысты отбасылық жағдайына байланысты көшіп кетті. Оқу жылын 11 аяқтады. Оның ішінде 4 қыз бала, 7 ұл балалар бар.

Оқу-тәрбие жұмысы:

Жылдық жоспар ҚР МЖМБС (мемлекеттік стандарт) негізінде құрылып толықтай орындалды.

Негізгі бағыттар бойынша:

Танымдық даму-балаларда заттармен тәжірибе жасауға, салыстыруға деген қызығушылық артты. Қорытынды бақылау бойынша: Жоғары деңгей-64%, орташа деңгей-36%

Коммуникативтік (тілдік) дамыту-сөздік қоры артты, сұрақтарға толық жауап беру дағдысы қалыптасты. Қорытынды бақылау бойынша: Жоғары деңгей-73% , орташа деңгей-27%

Шығармашылық-сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, музыка сабақтарына белсенді қатысты. Қорытынды бақылау бойынша: Жоғары деңгей-82% , орташа деңгей-18%

Денсаулық-қозғалыс белсенділігі артты, дене жаттығуларын дұрыс орындайды. Қорытынды бақылау бойынша: Жоғары деңгей-82% , орташа деңгей-18%

Әлуметтік және тұлғалық даму-балалар бір-бірімен қарым қатынас жасауды үйренді, жағымды мінез-құлық, тәртіп сақтау, кезекшілік сияқты дағдылар дамыды. Топтық ұжымдық ойындар мен бірлескен әрекеттер ұйымдастырылды. Қорытынды бақылау бойынша: Жоғары деңгей-64% , орташа деңгей-36%

Ата-аналармен жұмыс

Оқу жылы барысында ата-аналар жиналысы-3 рет

Ашық сабақтар -2 рет

«Математика –ғылымдар патшасы» апталығында «Заттар тобын салыстыру және санау» тақырыбында өтті. Ана тілі апталығында қазақтың ұлттық ойыны «Шертпек» арқылы қызықты тапсырмалар орындалды.

Үй тапсырмалары мен отбасылық ойындар ұйымдастырылды, ата-аналар тарапынан кері байланыс алынып, оң бағалар берілді.

Іс-шаралар- «Шырша келді далаға», «Ана-аса қымбатты жан», «Наурыз-той, думан» және «Күзгі асар» жәрмеңкесі, қалдық заттардан жасалған қолөнер бұйымдарының көрмесі өтті.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарты бойынша мектепалды топтардың базистік оқу жоспары бойынша жұмыс жүргізілуде. Әр пән бойынша даярлық топқа арналған әліппе-дәптерлері бойынша жұмыстар жүргізіліп, мектепалды даярлық топтарда бағдарламаны меңгергендігі жөнінде қойылатын талаптар бойынша тесттік тексерулер өткізіліп отырады. Тоқсан соңында сауат ашу мен математикадан сын жұмыстары жүргізілді. Сын жұмысының мақсаты сөзбен сөйлемді ажырата білу, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуға, сөздерге дыбыстық талдау жасай білулері. Баланың ойлау қабілетінің дамуына байланысты есептер шығарту. Сандар қатарын жатқа білуін, 1-ден 10ға дейін тура және кері санай білулері, геометриялық пішіндерді ажырата білулері. Сын жұмыстарының тапсырмаларын балалар өз деңгейінде орындады.

Қорытынды: 2024-2025 оқу жылында мектепалды даярлық тобының балалары жан-жақты дамып, жас ерекшеліктеріне сай білім мен тәрбие алды, Балалар белсенді, шығармашыл, тіл байлығы қалыптасқан. Жалпы мониторинг бойынша балалардың дайындығы 73%. Келесі оқу жылына 1 сыныпқа көшуге дайын.

Бесқоспа орта мектебінің мектеп жанындағы шағын орталықтың тәрбиешісі Қаратаева Маржанның 2024 -2025 оқу жылындағы жылдық есебі.

2024 -2025 оқу жылында шағын орталыққа 8 бала қабылданды. Жалпы 5 сала бойынша бағдарламада бөлінген. Сол бағдарлама бойынша балдарға білім, білік, дағдыны меңгертеміз. Жалпы, сабақ барысында сабаққа үлгерімі бар балалар: Ерназарова Мариям, Асилбекова Айару, Болат Ахмад, Жәнібек Диана, Нұрахмед Сара, Сағындық Амина, Сабит Хамза, Тілегенова Сара бұл балалар берілген тақпақтарды, мақал - мәтелдерді жақсы жатқа айтады. Сұрақ- жауап барысында қойылған сұрақтарға толығымен жауап беруге тырысады. Үлгерімі орташа балалар: Сабит Хамза. Мониторинг бойынша Асилбекова Айару, Болат Ахмад, Ерназарова Мариям, Жәнібек Диана, Нұрахмед Сара, Тілегенова Сара өзінің жасына қарай тапсырмаларды орындайды. Асилбекова Айару бұл -4 жаста дегенмен айтылған барлық тапсырмаларды мұқият орындауға өз бетімен тырысады. Ерназарова Мариям жасы – 4 жаста болғанымен, бірақ әлі сөздік қоры аздау, дей тұрғанмен

сұрақ – жауап арқылы қойылған сұрақтар барысында жауап беруге тырысады. Болат Ахмад – 4 жаста , ол өзіне берілген тапқыты анық жаттайды, қойылған сұраққа жауап береді. Әр бала тоқсандық даму мониторинг жасалынған.Жылдық жоспарға сай іс шаралар өткізілген.	
--	--